

«09» 04 2024 ж.

№ 63 бұйрыққа

1-қосымша

«Үздік заманауи сабақ» қалалық байқауының

ЕРЕЖЕСІ

1.1 Бұл ереже байқаудың мақсаттары мен міндеттерін сипаттайды, жарыс өткізу тәртібін реттейтін ережелерді анықтайды;

1.2 «Үздік заманауи сабақ» байқауы – бұл білім беру ұйымдарының химия және биология пәндерін оқытатын педагогтер арасындағы кәсіби шеберлік байқауы;

1.3 Байқау мұғалімнің оқу-әдістемелік үздік нәтижелерін анықтайды;

2. МАҚСАТТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

➤ қала педагогтерінің инновациялық, педагогикалық тәжірибесін анықтау, жалпылау және танымал ету, шығармашылық потенциалын ашу;

➤ мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін дамытуға ықпал ету;

➤ қала педагогтерінің кәсіби қызметінде жоғары нәтижелерге қол жеткізуге ұмтылысын арттыру;

➤ ақпараттық –коммуникациялық технологияны оқыту үрдісінде қолдану бойынша педагогтердің іс-тәжірибесін тарату;

➤ оқу процесінде үздік сабақтар қорын жинақтау

3. БАЙҚАУҒА ҚАТЫСУ ТӘРТІБІ.

3.1. Байқауға жалпы білім беру ұйымдарының химия және биология пәнін оқытатын педагогтер қатыса алады.

3.2. Сұраныстар мен байқау жұмыстары (сұраныс, үздік бейне сабақ үлгісі) 2024 жылдың 22 сәуіріне дейін konkurs_himiya@mail.ru электронды почтаға жолдануы қажет

3.3. Белгіленген мерзімнен кешіккен жұмыстар қабылданбайды.

3.4. Әдістемелік орталық ұйымдастырған байқаулардың жеңімпаздары мен жүлдегерлері байқауға қатыса алмайды.

4. БАЙҚАУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ӨТКІЗУ:

4.1. Байқау 2 кезеңнен өткізіледі. Байқаудың 1 кезеңі – онлайн форматта, 2-кезеңі офлайн форматта ұйымдастырылады.

1 кезең «Үздік бейне сабақ». Байқауға қатысушылар бейнесабақтарын жібереді.

Ұсынылған жұмыстарға қойылатын талаптар:

- Бейнесабак мазмұнының оқу бағдарламаларына, байқау ережесіне сәйкестігі;

- инновациялық технологияларды пайдалану тиімділігі;

- ақпараттық құралдармен сүйемелдеу деңгейі;

- ҚР Мемлекеттік БС-ке, оқу бағдарламаларына, оқулықтарға сай болуы;

4.2. Бейнематериалдардың техникалық сипаттамасы:

- Бейнесабактың хронометражы 15-20 минутқа дейін.

- форматы mp4

- бейнені көлденең түсіру керек. Видео бейненің ажыратымдылығы 1920x1280 немесе 1280x720 пиксель дюймге болуы керек;

- бейнесабакты түсіруге бүкіл сынып қатыстырылады;

- бейнесабактың басында міндетті түрде: автордың аты-жөні, лауазымы, жұмыс орны, сабақ тақырыбы авторлық орындауда айтылуы қажет.

- Байқауға қатысуға бұрын жарияланбаған, басқа байқауларға қатыспаған, интернет желісінде орналастырылмаған бейнематериалдар қабылданады.

4.3. Байқау жұмыстарын бағалау критерийлері:

- Байқау жұмысының мазмұнына сәйкестігі;

- Сабақ тақырыбының ашылуы;

- Сабақты өткізу сапасы, шеберлігі;

- Өзіндік ерекшелігі;

- Сөйлеу мәнері мен анықтығы;

- Бейнематериалда IT қолдану құзыреттілігі;

- Сабақ беру процесінде оқушылардың ынтасы мен белсенділік іс-әрекетін жоғары деңгейде ұйымдастыра білу қабілеті;

- Білім беру процесінде инновациялық технологияларды қолдану деңгейі;

- Шығармашылық даралықты көрсету.

Критерийлердің әрқайсысы бойынша 0-ден бастап 2-балға дейін беріледі (0 балл-бағалау критерий көрсетілмеген, 1 балл-ішінара көрсетілген, 2 балл толығымен көрсетілген).

Байқау 1-кезеңнің қорытындысы 2024 жылғы 29 сәуір күні <https://astana-modern.edu.kz>/жарияланады. 1 кезеңнің қорытындысы бойынша жоғары балл жинаған 8 мұғалім 2-кезеңге жіберіледі.

- **2 кезең** – «Ашық сабақ». Байқауға жалпы орта білім беретін (1-11 сыныптар аралығындағы) барлық пәндер бойынша төртінші тоқсанда өтетін қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде сабақ береді. 2 кезең Астана қаласының №50 мектеп-лицей базасында өтеді.

Ашық сабакты бағалау критерийлері:

- оқылатын тақырып мазмұнының күнтізбелік-тақырыптық жоспарға сәйкестігі;

- байқауға қатысушының кәсібилігі мен инновациялық идеяларын көрсетуі;

- сабақ тақырыбының толық ашылуы;

- өзіндік ерекшелігі.

Байқаудың әрбір тапсырмасының нәтижелерін бағалау 10 балдық шкала бойынша жүзеге асырылады.

Әрбір қатысушының ұпайларын жиынтық есептеу әрбір тапсырма үшін ұпайларды қосу жолымен жүргізіледі.

5. БАЙҚАУДЫ ҚОРЫТЫНДЫЛАУ

5.1 Байқау материалдарының комиссия мүшелері бағалайды. Комиссия Астана қаласының Назарбаев Зияткерлік мектебі, Республикалық физика-математика мектебі, Астана қаласы Педагогикалық шеберлік орталығы өкілдерінен құрылады.

5.2 Комиссия мүшелерінің дауыстары тең болған жағдайда, комиссия төрағасының дауысы шешуші болып табылады

5.3 Байқау жеңімпаздары Әдістемелік орталықтың I, II, III дәрежелі дипломымен, Алғыс хаттармен және бағалы сыйлықтармен марапатталады;

«Үздік заманауи сабақ»
қалалық байқауына

Өтініш

Педагогтың тегі, аты, әкесінің аты (жеке куәлік бойынша) _____

Білім беру ұйымының толық атауы

Пәні

Педагогикалық қызметінің еңбек өтілі

Байланыс ақпараты:

Ұялы телефоны:

Жұмыс телефоны:

e-mail:

Сабақтың тақырыбы	Сыныбы	Оқыту тілі